


## 2019-2020 оқу жылындағы негізгі көрсеткіші

Көрсеткіштері	2019 - 2020 оқу жылы
Кітапхана қоры	24597
Оқулық қоры	18394
Жаңа буын оқулықтар	5134
Көркем әдебиет	2898
Оқырмандар саны	1074
Келу саны	10257
Кітап берілу саны	12536
Оқылым	18,3
Қор айналым	2.2
Кітаппен қамтылуы	27,5


### Мектеп кітапханасындағы кітап қорының өсу деңгейі



## Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылық бағыттағы жүргізілген жұмыстар.

Күнделікті жұмыс барысында мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарына, сабақтарының тақырыбына байланысты материалдар іздегенде кітапхананың көмегіне сүйенеді. Ал оқушылар мәнжазба жазуға үй тапсырмаларына қосымша мәліметтер іздегенде кітап қорын пайдаланады. Тәуелсіз елімізді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарына терезесін тең ететін білім және білімді ұрпақ. Қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орнындағы білімге ұмтылған жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Демек, мектеп кітапханасының алдына қойған өзекті мәселесі жас ұрпақты тәрбиелеу. Сапасы білім, санасы тәрбие алу үшін, көп оқып, көп іздену керек екенін түсіндіре отырып оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында көптеген іс-шаралар жүргізіледі. Әр түрлі тақырыптағы көрмелер: «Кітап біздің досымыз» «Кемеңгер Елбасы – ырысы елімінің» «Тәуелсіздік – қасиетті ұғым!», «Поэзия падишасы», «Туған жерім алтын бесігім, Ақтөбем», «Рәміздер – ел мақтанышы», «Теңге – мемлекет келбеті», «Елбасы-Ел тірегі» «Әлемге танылған - Абай», «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Азаттық аңсаған ақын», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Балалар әлеміне саяхат» ұйымдастырылып оларға библиографиялық шолу жасалды.

### Мектеп кітапханасының сыртқы байланысы



С.Бәйішев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Іс-шараларға қатысу</li><li>• Танымдық сағат</li></ul>
Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Іс-шараларға қатысу онлайн</li><li>• Портрет сағаты. Көрме</li></ul>
№1 Абай атындағы қалалық кітапханасы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Іс-шараларға қатысу</li><li>• оқу марафоны онлайн</li><li>• коучинг онлайн</li></ul>
«Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ қарасты №3 қалалық кітапханасы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Әдеби вернисаж</li><li>• Экскурсия</li><li>• Оқу марафоны</li><li>• Іс-шараларға қатысу</li></ul>

Оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту, ойлау қабілетін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту мақсатында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасымен, №1 Абай атындағы қалалық кітапханамен, №3 қалалық кітапханамен, Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханалармен және қала мектептерімен бірлесе отырып бірнеше шаралар өткізілді.



«**Кітап біздің досымыз**» атты білім күніне орай 1 класс оқушыларына Экскурсиялық саяхат сабағы өткізілді.  
«**Жаңа оқу жылы- жаңа оқырман**»  
«**Кітапхана ережелерімен танысу**»  
«**Кітапты қалай таңдау керек?**»  
«**Кітапхана-Оқырман**»



Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі А.Шамшиева мен бірлесе отырып тіл мерекесіне орай «**Мақтанышым – Ана тіл**» тақырыбында, 8 кластар арасында ақын жазушылармен кездесу кеші өткізілді.  
**Мақсаты:** Ана тілінің қадір-қасиетін ұға білуге, оны өшпес мұра етіп сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу. Поэзияны сүйеге баулу, мәнерлеп оқуға машықтану, сөздің мәнін жете түсіну, өлеңді мәнерлеп, нақышына келтіріп оқу қабілетін дамыту.



Б.Сокпақбаевтың 95 жылдығына орай «**Менің атым Қожа**» фильмін талқылау 4 класс оқушылары арасында өткізілді.  
**Мақсаты:** Тамаша шығармалары арқылы балалардың көңілінен шығып, сол арқылы бірнеше буын өкілдерінен тұратын кішкене оқырмандардың құрметіне бөлену үлкен таланттылықты қажет етеді. Біздің қазақ балалар әдебиетінде осындай құрметке ие болғандардың ішіндегі шоқтығы биік, бірегей таланттардың бірі- Бердібек Сокпақбаев балаларға арнаған шығармаларын өшпес мұра етіп сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу.



«Оқитын өлке» акциясы бойынша «**Жау жүрек ақын Сарышолақ**» оқу марафоны өткізілді.  
**Мақсаты:** - «Оқитын өлке» акциясы аясында өтіп жатқан жерлес ақын Сарышолақ Боранбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, жастардың әдебиетке деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға шақыру, шығарманың құндылығына көз жеткізіп, оларды елін, жерін сүйеге, отанын қорғауға, патриоттыққа тәрбиелеу.



С.Жиенбаев ат обл жасөспірімдер кітапханасымен бірлесе, 8 кл оқушыларымен Ұлттық валюта күніне орай, «**Ұлттық теңге-Тәуелсіздігіміздің белгісі**» атты көрме жасақталып танымдық сабағы өткізіліп библиографиялық шолу жасалды.  
**Мақсаты:** Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту.



Бейімбет Майлин 125 жыл толуына орай «**Шұғаның белгісі**» атты сахналық қойылым өткізілді.  
**Мақсаты:** Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі. Ұлттық санамыз сілкініп, бостандықты қалай аңсап, қалай қастерлегенін, келер ұрпаққа мирас етіп қалдыру жолында жанын пида еткен алаш ұлдары аз емес. Солардың бірегейі, әдебиетіміздің үш бәйтерегі атанған ұлы тұлғалар-Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин. Тәуелсіздікті ту еткен қазақ халқы осындай ағаларымызды мақтан тұтады.



Президент күніне орай, елбасы туралы жариялымдармен танысу барысында «**Кемеңгер Елбасы - ырысы елімнің**» атты 8 класс арасында көрме жасақталып, библиографиялық шолу жасалды.  
**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңдері туралы мәлімет бере отырып, халық үшін жасаған ерен еңбегін жастарға үлгі ету.



Тәуелсіздіктің 28 жылдығына орай, қала мектептерімен бірлесе, 8-9 кл оқушылары арасында «Тәуелсіздік – қасиетті ұғым!» тақырыбында көрме библиографиялық шоу өткізілді.



Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай «Поэзия падишасы» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Мақсаты: Бірде оттай шарпितын, енді бірде алапат дауылдай теңселтетін махаббат сезімін басуға, жүрегін жандырмай, жан дүниесін таза ұстап қалуға көмектескен қандай құдірет күш. Жас таланттардың шығармашылығын қолдау. Қазақ поэзиясының классигі, көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың шығармашылығын насихаттау.



«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты 7 класс оқушылар арасында көрме жасақталып танымдық сабақ өткізілді.

**Мақсаты:** Рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту; Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық.



Жастарды заманауи технологияларды меңгеруде белсендірек болуға және бағдарламаларды түсіндіріп насихаттау барысында «Кітапхана мен интернет» атты кітапханаға экскурсия өткізілді.

**Мақсаты:** кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға көмектесу, кітапханамыздағы бай мұрамызды халыққа жүйелі, кәсіби түрде жеткізу;



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында оқушылар арасында мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. **Мақсаты:** 1. «Сыбайлас - жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. 2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. 3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.



С.Жиенбаев атындағы обл. Жасөспірімдер кітапханасымен бірлесе оқу күніне орай «Балалар әлеміне саяхат» атты кітап оқуға баулу барысында библиографиялық шолу жасалынған болатын. **Мақсаты:** балалардың білім әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды оқу күніне орай кітапты мақтана, қызыға оқуға талпындыру.



Ертегілерді оқуға баулу барысында «Ертегілер еліне саяхат» атты оқушылар арасында ертегіні суреттеп, талдау жүргізілді. **Мақсаты:** Қазақ халқының шығармасы, халық мұрасы ертегі, оның шығу тарихы туралы түсінік беру. Оқушылардың қиялдауға, шешен сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге және қайратты істер жасауға жұмылдыру. Төзімділікке, адамгершілікке, бірлесе жұмыс істеуге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге тәрбиелеу.



№1 Абай атындағы қалалық кітапханамен бірлесе «**Абай сөзі – халықтың бойтұмары**» атты онлайн коучинг өткізілді. Шара барысында Семей қаласының Абай атындағы қалалық кітапханасымен бірлесе, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармалары насихатталды. Шараға 8 класс оқушылары қатысып Абайдың шығармалары мен қара сөздері мәнерлеп оқылды .

Ұлы Жеңістің 75 жылдық күніне орай «**Біз ешқашан ұмытпаймыз**» атты онлайн шара өткізілді.

№1 Абай атындағы қалалық кітапханада «**Абай сөзі – халықтың бойтұмары**» атты онлайн коучинг барысында Семей қаласының Абай атындағы қалалық кітапханасымен бірлесе өткізілген шараға 8 класс оқушылары қатысып, Тілеп Әсем, Нәбиев Дәулет, Жұмаш Ислам, Абилкасим Дидар, Қанатбаев Асланбек Алғыс хатпен марапатталды.

Оқу жылының соңғы айында оқуға жарамсыз, оқу бағдарламасына сай емес оқулықтардың тізімі жасалынып кітап қорынан шығаруға сұраныс жасалды.

Осы оқу жылының есебі жасалынып алдағы оқу жылына жоспар жасалып қалалық білім бөліміне тапсырылды.

### **Қорытынды**

*«Жансызды жандандыратын, жандыны жаңғыртатын - кітап»*, екенін білген, көптеген кітап сүйген оқырмандарымыз да бар. Іздегенін бізден сұрап, сабақтан тыс кезде келіп, көркем-әдеби кітаптарды оқитын оқырмандарымыз да аз емес. Міне осыған байланысты кітапхана күнделікті статистикалық есеп жүргізіп отырады. Бұл есеп кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын айқындайды, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан кітапханашылар оқырмандарға, яғни мектеп оқушылары мен ұстаздарға жоқтан барын жасап барлық мүмкіндіктерді жасап оқу процестеріндегі жаңашылдықтардан ешқашан қалыс қалмау керек.

«Білімдінің жүзі жарық, білімсіздің жүзі шарық» деп ата-бабамыз бекер айтпаған. Кітапты үзбей оқып, өзімізге сенімді дос ретінде қабылдайық. Кітап өмірімізге бағыт сілтеп тұратын шамшырағымыз деп білейік. Кітаптың ұлы қасиетін бағалап, құрметтеп жүрейік.

Кітапхана меңгерушісі:

Н.М. Конырова

**Ақтөбе қаласындағы №39 қазақ орта жалпы білім беру  
мектеп кітапханасының 2019 – 2020 оқу жылының  
жылдық есебі**

Ақтөбе, 2020 ж